

Бекітемін:

Мектеп директоры м.у.а:



Г.А. Каренеева

**«№2 Жамбыл атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен»
мемлекеттік коммуналдық мекемесінің
2024-2025 оқу жылындағы дене шынықтыру пән мұғалімдерінің
спорттық үйірмесінің сабақ кестесі**

Апта	Үйірме	Сыныбы	Уақыты	Мұғалімнің аты-жөні
Дүйсенбі	Футбол	6 – 8	09.00-09.45	Кошенов Ж.
	Волейбол	9 – 11	10.00-10.45	Буркитбаева А.
Сейсенбі	Волейбол	9 – 11	14.10-15.05	Буркитбаева А.
	Футбол	6 – 8	09.00-09.45	Кошенов Ж.
Сәрсенбі	Волейбол	9 – 11	14.10-15.05	Буркитбаева А.
Жұма	Футбол	6 – 8	09.00-09.45	Кошенов Ж.



Келісемін

ДОДЖО

[Signature] А.С.Салимова

Ө/б отырысында қаралды

Хаттама *[Signature]*

[Signature] А.М.Буркитбаева

‘№2 Жамбыл атындағы орта мектебі мектепке дейінгі
шағын орталығымен’ мемлекеттік коммуналдық
мекемесі

ФУТБОЛ

Үйірме сағатының -тақырыптық жоспары

Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі: *[Signature]* Кошенов Жолдас

2024-2025 оқу жылы

«№2 Жамбыл атындағы орта мектебі» МКМ
Футбол үйірме жоспары
2024-2025 оқу жылы



Үйірме жетекшісі:
Кошенов Жолдас

Түсінік хат

Футбол — (ағылш. *foot* — аяқ, *ball* — доп) спорттың командалық ойын түрі. Футбол — әлемге аса танымал ойындардың бірі. Ойынның негізгі мақсаты қарсылас команданың қақпасына аяқпен немесе басқа да дене мүшелерімен (қолдан басқа) қарсылас команда салған саннан көбірек доп салу болып табылады.

Футбол ойынының тарихы

Өзге құбылыстар секілді әр ойын түрлерінің де шығу тарихы бар. Оның ішінде футбол ойынының тарихы тым тереңде. Оған ұқсас аяқ доп ойынының алғашқы түрлері ежелгі Мысыр, Қытай, Грекия, Рим елдерінде пайда болып, кейіннен Франция мен Италияда дамыған көрінеді.

Футболға ұқсас ойын түрін үнді елі “Тапа Банка Яп” (допты лақтыру) деп атаса, эскимостар “түнгатгак”, ал қытайлар “цуцзю” деп атаған екен (аяқпен итеру). Сондай-ақ Франция елінде “па супь”, Италияда “кальчио” деген атпен белгілі болған. Алайда солардың ішінде римдіктер “гарпастум” (қол добы) деп атайтын ойын кеңінен тараған көрінеді. Бұл ойынды қолмен де, аяқпен де ойнаған. Қатыгездікпен ерекшеленетін бұл ойынның ережесі сан рет өзгергенге ұқсайды.

Орта ғасырдағы "Футбол" ойыны

Ал дерек көздеріне сүйенетін болсақ, Англия аяқ доп ойынын 1660 жылы таққа || Карл отырғанда сарай маңындағылар ойнай бастаған. Орта ғасырларда Англия футболды асқан құмарлықпен және дөрекі түрде ойнайтын болған. Олар ойнағанда көшенің астын үстіне шығаратын. Шотландықтар мен ағылшындар ойнағанда өліп-тірілгеніне қарамайтын. Сондықтан да билік футболға қарсы барлық амалдарды жасаған.

Тіпті король футбол ойнауға тыйым салатын арнайы жарлықтар да шығарған. Мәселен, 1314 жылы король Эдуард || Лондон тұрғындарына қала ішінде доп ойнауға тыйым салған. Тыйымды бұзғандар абақтыға жабылатын болған. Тіпті 1389 жылы король Ричард || сарай маңында доп тепкендерді өлім жазасына кескен көрінеді. Бірақ Англияда футболдың танымал болғаны соншалық – король жарлықтары да мұның алдында дәрменсіз болған. Және алғаш рет дәл осы Англияда бұл ойын “футбол” деп атала бастаған. Сол себепті футболдың отаны Англия деп есептеуге әбден негіз бар.

Ереже тарихы

1863 жылы Англия футболдың алғашқы ережесі бекітіліп, тұңғыш қауымдастығы құрылады. Алғашқы ереже бойынша ойынды қолмен ойнауға мүлдем тыйым салған. Тіпті қақпашының өзіне допты қолмен тосып алуына тек 1871 жылы ғана рұқсат берілген. XIX ғасырдың соңына дейін қауымдастық бұл ойынының ережесіне тағы біраз өзгерістер

енгізіледі. Мысалы, 1871 жылы доптың өлшемі бекітіледі. 1872 жылы бұрыштан ұру пайда болады. 1878 жылы төрешіге ысқырық беріледі. 1891 жылдан бастап қақпаға тор байланатын болады.

XX ғасыр ойыны

11 метрлік айып добы да осы жылы пайда болады. 1880-1881 жылдары футбол алаңына алғаш рет төрешілер шығады. XIX ғасырдың соңында футбол Латын Америкасы мен Еуропада күрт дами бастайды. Ресми түрде футболдан халықаралық кездесулер 1872 жылдан бастап өткізіле бастаған екен. Ал 1908 жылы олимпиадалық ойындар тізіміне енгізілді. 1904 жылы ФИФА, 1954 жылы УЕФА қауымдастықтары құрылған. Ал Қазақстанда алғашқы футбол командасын құру 1911 жылы басталыпты.

Матч сипаттамасы (ережелері)

Халықаралық футбол ассоциацияның (IFAB) әр түрлі деңгейде және әр түрлі футболшылар топтары үшін (мысалы, жасөспірімдер үшін, әйелдер үшін, мүмкіншілігі шектелгендер үшін және т.б. үшін) ресми түрінде қабылданған ойын шарттарының 17 нұсқасы бар.


Әр командада максималды 11 ойыншы (қосалқы ойыншыларды санамағанда), оның біреуі - қақпашы. Өз айып алаңында қақпашыдан басқа ойыншы допты қолымен ұстауға болмайды. Қақпашыдан басқа ойыншылар қорғаушылар, жартылай қорғаушылар, шабуылшылар болып бөлінеді.

Бір ойынның аты - матч, матч екі 45 минуттық бөлімнен (тайм) тұрады. Ойын арасында 15 минуттық үзіліс бар.

Ойын мақсаты - команданың допты қарсылас команданың қақпасына салу (гол) және өз қақпасына салғызбау. Матчта көбірек доп салған команда ұтады.

Егер де матчтың нәтижесінде екі команда да бірдей гол салса - тең ойын деп саналады. Бұл жағдайда тағы қосымша уақыт (15 минуттан екі рет) берілуі мүмкін. Егер де қосымша уақыттан кейін тең ойын болса - матчтан кейінгі пенальти жүптары өткізіледі.

Ойын алаңы



Ойын алаңының ұзындығы 100-110 м, ені 64-75 метрлік тіктөртбұрышты алаңда өткізіледі. Биіктігі 2 м 44 см, ұзындығы 7 м 32 см-лік 2 қақпасы бар. Қақпалардың сыртына тор керіледі.

Футбол добы



Футбол добы

Футбол добының салмағы 396-453 г, диаметрі 68-71 см.

Ойын шарттарын бұзу



сары карточка
мен қызыл
карточка

Ойын шарттарын бұзушылықты *фол* деп атайды. Бірінші рет тәртіп бұзған үшін - сары карточка беріледі, ал екінші қайталаған үшін - қызыл карточкамен ойыншыны ойын алаңынан шығарады.

Фол (тәртіпті бұзу)

Ең жиі болатын тәртіп бұзулар:

- Бәсекелесті аяқпен тебу
- Аяқпен қағу
- Бәсекелеске секіру
- Бәсекелеске шабуыл жасау
- Қолмен итеру
- Бәсекелесті ұрып-соғу т.б.
- Қақпашыдан басқа ойыншылардың допты қолмен ойнауы

Тәртіпсіздік

Футболда тәртіпсіздікке:

- төбелес шығару
- түкіру
- балағат сөздер мен қылықтар т.б. жатады

ФУТБОЛ ҮЙІРМЕСІНІҢ МАҚСАТЫ

- Оқушылардың футбол ойынына деген қызығушылығын арттырып, әдіс – тәсілдерін меңгерту, арқылы ойлау қабілетін жетілдіру

ФУТБОЛ ҮЙІРМЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Футбол мектепішілік жарыстар ұйымдастыру, жүргізу.
Аудан мектептерімен, өзара достық кездесуге дайындау.
Облыстық спартакиада жарысына дайындау

«Футбол» - үйірмесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары.

Сағат саны: 102

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1.	Қ.Р футболдың дамуы	1		
2.	Футболдың шығу тарихы	1		
3.	Футбол ойынына қойылатын гигиеналық талаптар	1		
4.	Техника қауіпсіздік ережелерін сақтау	1		
5.	Ойынның негізгі ережелері	1		
6.	Ойыншының тұрысы	1		
7.	Алаңда бір-біріне пас беріп ойнау	1		
8.	Алаңда кедергілер арасымен допты алып жүру	1		
9.	Ауыттан допты тастап үйрену	1		
10.	Айып добын тебуді үйрену	1		
11.	Доппен алдап өту тәсілдері	1		
12.	Допты тоқтату тәсілдері	1		
13.	Аяқ ұшымен тебу	1		
14.	Өкшемен тебу	1		
15.	Допты баспен ұру түрлері	1		
16.	Шекемен ұру	1		
17.	Секіріп шекемен ұру	1		
18.	Баспен ұру	1		
19.	Допты қақпаға дұрыс бағыттау	1		
20.	Допты тартып алу тәсілдері	1		
21.	Допты тоқтату тәсілдері	1		
22.	Допты алып жүру тәсілдері	1		
23.	Қақпашының ойыны	1		
24.	Допты қағып алу	1		
25.	Допты ұрып жіберу	1		
26.	Допты бағаннан асырып жіберу	1		
27.	Секіріп шекемен ұру	1		
28.	Баспен ұру	1		
29.	Қорғаушылардың міндеті	1		
30.	Қорғаушының жеке әрекеті	1		
31.	Шабулшының міндеті	1		
32.	Топ – топ болып шабуылға шығу	1		
33.	Командалық әрекет	1		
34.	Жеке әрекет	1		
35.	Айып добын дұрыс орындау	1		
36.	Қақпашының допты ойынға қосуы	1		
37.	Қорғаушылардың міндеті	1		
38.	Қорғаушының жеке әрекеті	1		
39.	Футбол тарихымен таныстыру	1		

40.	Футбол алаңымен таныстыру	1		
41.	Допты ойынға қосу тәсілдерін жетілдіру	1		
42.	Допты оң аяқпен кедергілер арасымен алып жүру	1		
43.	Допты сол аяқпен кедергілер арасымен алып жүру	1		
44.	Допты табанның ішкі жағымен тебу	1		
45.	Допты табанның сыртқы жақ қырымен тебу	1		
46.	Допты аяқтың ұшымен тебу	1		
47.	Допты алып жүру, қорғаушыны айналып өтіп қақпаға соғу	1		
48.	Алдау қимылдары	1		
49.	Футбол тарихымен таныстыру	1		
50.	Футбол алаңымен таныстыру	1		
51.	Допты ойынға қосу тәсілдерін жетілдіру	1		
52.	Допты оң аяқпен кедергілер арасымен алып жүру	1		
53.	Допты сол аяқпен кедергілер арасымен алып жүру	1		
54.	Допты табанның ішкі жағымен тебу	1		
55.	Допты табанның сыртқы жақ қырымен тебу	1		
56.	Допты аяқтың ұшымен тебу	1		
57.	Допты тартып алу тәсілдері	1		
58.	Допты - ұстау қақпашының негізгі әдісі	1		
59.	Ойыншылардың қозғалысы мен әдіс тәсілдері	1		
60.	Допты тоқтату әдістері	1		
61.	Шабуылдау тәсілі	1		
62.	11 метрден айып добын орындау	1		
63.	Қақпашы ойыны	1		
64.	Допты тартып алу тәсілдері	1		
65.	Допты - ұстау қақпашының негізгі әдісі	1		
66.	Ойыншылардың қозғалысы мен әдіс тәсілдері	1		
67.	Қозғалу техникалары	1		
68.	Баспен соққы жасау және пас беру	1		
69.	Допты аяқпен тоқтату	1		
70.	Допты кеудемен тоқтату	1		
71.	Қорғаушының қарсылығынсыз доппен қозғалу	1		
72.	Қорғаушының қарсылық көрсету кезінде доппен қозғалу	1		
73.	Допты игеру техникасының қимыл-қозғалыстарынан құрылған комбинациялар	1		
74.	Доппен және допсыз әрекет етуші ойыншыға қарсы әрекет	1		№
75.	Шабуыл мен қорғаныстағы жекелеген тактикалық әрекеттер	1		

76.	Шабуыл мен қорғаныстағы топтық және командалық тактикалық әрекеттер	1		
77.	Қозғалу техникалары	1		
78.	Баспен соққы жасау және пас беру	1		
79.	Допты аяқпен тоқтату	1		
80.	Алаң сыртынан допты ойынға қосу	1		
81.	Допты аяқтың ішімен пас беру	1		
82.	Доппен жұмыс істеу	1		
83.	Допты қағып жіберу және аяқпен іліп кету	1		
84.	Жеке әрекет	1		
85.	Айып добын дұрыс орындау	1		
86.	Қақпашының допты ойынға қосуы	1		
87.	Алаң сыртынан допты ойынға қосу	1		
88.	Допты алып жүру тәсілдері	1		
89.	Қақпашының ойыны	1		
90.	Допты қағып алу	1		
91.	Допты ұрып жіберу	1		
92.	Допты бағаннан асырып жіберу	1		
93.	Қорғаушылардың міндеті	1		
94.	Қорғаушының жеке әрекеті	1		
95.	Шабулшының міндеті	1		
96.	Топ – топ болып шабуылға шығу	1		
97.	Командалық әрекет	1		
98.	Жеке әрекет	1		
99.	Айып добын дұрыс орындау	1		
100.	Қақпашының допты ойынға қосуы	1		
101.	Допты алып жүру тәсілдері	1		
102.	Қақпашының ойыны	1		